

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2014 жылғы 12 қыркүйектегі № 318 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 қазанда № 5117 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 65 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 10.09.2021 № 65 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Мыналар:

1) мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп аруды (бұдан әрі – оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі ай сайын алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне (бұдан әрі – алушылар) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

өтінішті;

алушының жеке басын куәландыратын құжатты (жеке басын сәйкестендіру үшін);

психологиялық - медициналық - педагогикалық консультацияның қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжатты;

оку орнының мүгедек баланы үйде оқыту фактісін растайтын анықтамасын ұсынады.

Құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқада және көшірмеде ұсынылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары алушыға қайтарылады.

4) мүгедектер қатарындағы әр кемтар балаға оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тиісті оқу жылы ішінде жүргізіледі;

5) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мынадай мән-жайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап тоқтатылады:

алушының және (немесе) баланың қайтыс болуы;

алушының және (немесе) баланың Рудный қаласы әкімшілік аумағының шегінен тыс тұрақты тұруға кетуі;

баланың толық мемлекет қарауына берілуі;

алушының жәрдемақының (жәрдемақылардың) заңсыз тағайындалуына әкеп соқтырған дәйексіз мәліметтер табыс етуі;

Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе құқықтарын шектеу, бала асырап алуды жарамсыз деп тану немесе оның күшін жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өз міндеттерін аткарудан босату немесе шеттету.

6) артық төленген сомалар - ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда сот шешімінің негізінде сот тәртібімен қайтарылуға жатады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 28.04.2020 № 457 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мәслихаттың 2013 жылғы 16 қазандығы № 206 "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4284 номірімен тіркелген, 2013 жылғы 12 қарашада "Рудненский рабочий" қалалық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың кезектен
тыс сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы

С. Свинарева
В. Лошинин